ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2025 жылғы 5 қаңтар №1112-24-00-2/4269 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Жакупов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Орталық» өңірлік қолбасшылығы – 6800 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«МОЛДАБЕКОВА» Молдабекова Молдир Орынбасаровна жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Орталық» өңірлік қолбасшылығы – 6800 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің «МОЛДАБЕКОВА» Молдабекова Молдир Орынбасаровна жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою қанағаттандырылсын.

«МОЛДАБЕКОВА» Молдабекова Молдир Орынбасаровна жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылысын.

Документ подписан: Жакупов А. А., 05.01.2025
Дата вступления в законную силу: 14.02.2025, судья Аймухамедов А. А., 18.02.2025
1112-24-3-1/4282

«МОЛДАБЕКОВА» Молдабекова Молдир Орынбасаровна жеке кәсіпкерден 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге көлемінде мемлекет пайдасына мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.А. Жакупов**

Документ подписан: Жакупов А. А., 05.01.2025

Дата вступления в законную силу: 14.02.2025, судья Аймухамедов А. А., 18.02.2025

1112-24-3-1/4282